

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2001 жылдың сәуір-маусымында облыс аумағында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 4 сәуірдегі N 40 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2001 жылғы 13 сәуірде N 289 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Z939000_ Заңының 13 бабына сәйкес және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2001 жылдың сәуір-маусымында кезекті әскери қызметке шақыру туралы" 2001 жылдың 30 наурызындағы Қазақстан Республикасы Президентінің N 578 U010578_ Жарлығы негізінде ШЕШІМ қ а б ы л д а й м ы н :

1. 2001 жылдың наурыз-маусымында шақыру күні 18 жасқа толған, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқ, ер азаматтар, сондай-ақ, шақыруды кейінге қалдыру құқығынан айырылған азаматтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларға мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

Аудандық және қалалық шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау

және бақылау үшін төмендегі құрамда облыстық шақыру комиссиясы құрылсын:

НИКАНДРОВ	- комиссия төрағасы облыс
Владимир Петрович	әкімінің орынбасары,
АМАНГЕЛДИЕВ	- комиссия төрағасының орынбасары
Талғат Бекмұратұлы	облыстық әскери комиссар,

Комиссия мүшелері:

ӘКІМХАНОВ	
Халел Қайроллаұлы	- облыс әкімі аппаратының басшысы
КРИВОШЕЕВА	- облыстық аурухананың медбибісі,
Зоя Ивановна	комиссия хатшысы

МАҒЗҰМОВ	- денсаулық сақтау департаменті
Азамат Белгібайұлы	бастығының орынбасары
МҰҚАШЕВ	- облыстық ішкі істер басқармасы
Қайырбек Өутекеұлы	бастығының орынбасары
РУДЫЙ	- облыстық әскери комиссариаттың
Петр Васильевич	дәрігер-терапевті, медициналық
	комиссияның төрағасы

2. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімдеріне:

аудандық және қалалық жергілікті өкілетті органдармен бірлесе отырып, әскери комиссариаттар арқылы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін; шақыру комиссиясы құрылсын және шақыру комиссиясының дербес құрамы мен оны өткізу кестесі бекітілсін; шақыру комиссияларының жұмыстары үшін әскери комиссариаттар үй-жай мен қамтамасыз етілсін; шақыру комиссиясынан өту және әскерге аттандыру үшін азаматтардың әскери комиссариаттарға ұйымдасқан түрде келуі қамтамасыз етілсін; қажетті мөлшерде техникалық қызметкерлер мен техника бөлінсін; аталмыш шараларды атқаруға байланысты шығындар көрсетілген шараларға бөлінген ассигнация шегінде жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен іске асырылсын.

3. Облыстық комиссариатқа (Амангелдиев Т.Б.):

жас ұрпақтарды әскерге қабылдау және оны толықтыру жөніндегі жұмыстар Петропавл қаласындағы облыстық жинау пунктінен ұйымдастырылсын; облыстық жинау пункттерінде шақырылушыларды ыстық аспен тамақтандыруды ұйымдастыру қамтамасыз етілсін; шақыру комиссиясының жұмыстары емдеу-алдын алу ұйымдарымен шарт негізінде іске асырылсын.

4. Денсаулық сақтау департаментіне (Воронцова Н.Г.):

Петропавл қаласындағы облыстық жинау пунктіндегі медкомиссияның жұмысы қамтамасыз етілсін; шақырылушыларды медициналық куәлендіру жөніндегі комиссия дәрігер-мамандармен толықтырылсын, әсіресе, бейіндік дәрігерлермен; емдеу алдын алу мекемелерінде шақыру комиссиясы жіберген азаматтарды медзерттеуден өткізу үшін орындар көзделсін.

5. Облыстық ішкі істер басқармасына (Жаманбаев М.С.):

шақыру комиссиясының құрамына ҚІББ-ның басшылық құрамының

лауазымды тұлғаларын енгізсін;

азаматтарды шақыруды өткізу кезеңінде әскери комиссариатпен өзара байланыс ұйымдастырылсын және шақыру пункттерінде тәртіп қамтамасыз етілсін;

9 сәуірден шақыру кезеңі аяқталғанша Петропавл жинау пунктінде тәулік бойына кезекшілік ету үшін полиция наряды бөлінсін;

әскери комиссариатпен келісім бойынша темір жол бекеттерінде, жас толықтырушыларды жинау және әскерге аттандыру орындарында күшейтілген нарядтардың болуы қамтамасыз етілсін;

азаматтардың шақыру пункттеріне келулеріне бақылау қойылсын, шақырудан жалтарып қалуға жол берілмесін.

6. Петропавл қаласының әкіміне (Ходеев П.Ф.) облыстық жинау пунктінде азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын сату ұйымдастырылсын.

7. Мәдениет департаментіне (Лапухин В.П.) шақыру пункттерінде

көркемөнерпаздар ұжымының концерттері және әскери-патриоттық тақырыптарға

арналған кинофильмдер көрсету ұйымдастырылсын.

8. Туризм және спорт басқармасына (Дайыров А.А.) облыстық жинау пункттерінде спорттық-бұқаралық іс-шаралар, шақырылушылардың шымырлықтарын тексеру ұйымдастырылсын.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.П.Никандровқа жүктелсін.

Облыс әкімі

(Маман: Д.Қ.Ысқақова)